

ӘОЖ 7.097

Ж. Әбдіжәділқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail journalist_teoretic@mail.ru

Телевизиядағы жаңа бағыт пәндерін оқытудың шығармашылық әдіс-тәсілдері

Мақалада Қазақстандағы журналистік білім беру жүйесінің оқу-әдістемелік мәселелері сөз болады. Автор Қазақстандағы білім беру жүйесінің қолданыстағы үлгілері, соның ішінде еліміздің жоғары оқу орындарының студенттері оқи бастаған «Телевизиядағы инфографика, бейне және дыбыс» деп аталатын жаңа үлгідегі пән туралы баяндайды.

Түйін сөздер: тележоба, медиатренинг, телеформат, инфографика, сурет, кесте, фотоаппарат, мультимедиялық.

Zh. Abdizhadilkizi

Creative methods of teaching of the subject “Infografika, Video and a Sound on Television”

The article raises questions on educational methods of journalism in Kazakhstan. The author tells about the existing model of education in Kazakhstan, in particular presents a new model of media education, “Infographics, picture and sound on TV”, on which the journalism students have already started to be trained across the country.

Keywords: television project, Media trainings, TV format, information graphics, drawing, diagram, photos, multimedia.

Ж. Абдижадилкызы

Творческие методы преподавания предмета «Инфографика, видео и звука на телевидении»

В статье поднимаются учебно-методические вопросы журналистского образования в Казахстане. Автор рассказывает о существующей модели Казахстанского образования, в частности представляет новую модель медиаобразования «Инфографика, изображение и звук на телевидение», по которой уже начали обучаться студенты факультета журналистики вузов Казахстана.

Ключевые слова: телепроект, медиатренинг, телеформат, инфографика, рисунок, схема, фотоинформация, мультимедийность.

Сурет қайсыбір ғылымның болмасын қайнаркөзі, түптамыры, тіпті, жандүниесі болып табылады. Өте көп өнерді, соның ішінде сурет салуды қоса меңгерген адамды айрықша асыл құндылықты иеленген адам дер едім [1].

Микеланджело Буонаротти

Білім ордаларынан дәріс алатын әрбір болашақ маманның мақсаты – қазіргі заманғы талап-тілекке сай кадр болып шығу. Демек, олардың кәсіби бағыттағы пәндер бойынша жан-жақты дамып жетілген оқу жоспарын қажет етуі шарт. Журналистика – шығармашылық ғылым. Журналист – ешқашан бір жазғанын қайталап жазбайды, бір айтқанын сол қалпында

бұлжытпай қайтадан айтпайды. Сондықтан да, теориялық деңгейде қабылдаған білімді тәжірибе жүзінде игеру үшін аудиториядағы дәрісті телестудиядағы лабораториялық сабақтармен қатар өрбітіп, шығармашылық процесс ретінде пысықтап қою жеткіліксіз. Сонымен қатар болашақ журналистер кәсіби маман ретінде қалыптасу үшін өндірістік журналистика

өрісіндегі кәсіби дағдыларды тәжірибе жүзінде меңгеру мүмкіндігіне қол жеткізуі тиіс. Сол қисындардың бәрі есепке алынған жан-жақты дамып жетілген оқу бағдарламасы болғанда ғана студенттің өз жүрек қалауымен таңдаған мамандығына деген ынта-ықыласы артып, сол пәнге ерекше зейін қоюына жол ашылмақ. Соның нәтижесінде студент университет қабырғасында жүріп өз мамандығының өмірдегі қолданыс аясынан, іс жүзіндегі тәжірибелік тәлімдерден, дүниежүзлік деңгейдегі жаңашыл бағыттардан хабардар болуға қол жеткізбек.

«Дамыған елдерде теория мен тәжірибе арасында алшақтық аз. Әлбетте, олар идеяны тез арада жүзеге асырып, жаңашылдық ұсыныстарды шапшаң өндіріске енгізіп жатады. Соның өзінде кәсіби жағынан басым түсетін америкалық түлектер теориялық пәндер сағатын азайтып, тәжірибелік сабақтарды көбейткенді қажет деп есептейді екен» [2]. Демек, болашақ мамандықтарын тәжірибе жүзінде көзбен көріп, қолмен ұстап, белгілі бір дәрежеде сол іспен тікелей шұғылдану олардың қазіргі таңдағы қажетті сұранысына айналып отыр деген сөз. Әлбетте, профессор Кәкен Қамзин айтқандай, «Журналистика факультеті тек дарындар пісіретін пеш немесе таланттарды ғана конвейерден шығаратын өндіріс орны емес. Дарын мен талант – табиғатта, жаратылыста сирек кездесетін құбылыс. Сондықтан шәкірттерді оқытып, оларға білім мен ғылым өнегесін дарытумен қатар, жас журналистердің бойына тәжірибелік дағдыны сіңіру – заман талабы» [3].

«Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» [4] деген сөздің жаны бар. Журналистика құбылыстарын кәсіби процесс ретінде бастан кешірген адам ғана оның табиғатын ақыл-ойымен, сана-сезімімен, жүрек лүпілімен, бүкіл өн бойымен кәдімгідей сезіне алады, біршама түсінеді. Ал бастан өткермейінше, ол қанша айтқанмен қандай да бір құпия құбылыс болып елестейді. Өйткені тікелей эфирге шыққан адам оны психологиялық құбылыс ретінде, бірінші рет басынан кешіреді. Бұл – тікелей эфир жүргізуші болуды алдына мақсат етіп қойған әрбір студент үшін аса маңызды әрекет.

Элективті курс бойынша оқытылатын пәндердің мақсаты – студентті белгілі бір мамандыққа баулу. Демек, арнаулы курс бойынша дәріс беретін оқытушының парызы – теориялық мәліметтер мен тәжірибелік тәлімдерге сүйене

отырып, студенттің сол мамандыққа деген ынта-ықыласын арттырып, оны меңгеруге деген қабілеттерін ашып, алған білімдерін іс жүзінде пайдалануға үйрету. «Тележурналистика бойынша маманданатын студенттерді үш бағытта сынап көруге болады. *Бірінші – ойлау қабілеті, екінші – психологиялық бейімділігі, үшінші – сөйлеу тілі. Себебі олар ойлау қабілетінің өткірлігімен мәселенің мәнін тез түсініп, оған өз көзқарасын білдіруге батыл шешім қабылдай алады. Психологиялық бейімділік жүргізушінің эфирде микрофоннан қаймықпай, аудиториядан жасқанбай, өзін еркін әрі табиғи ұстай алатындығына кепілдік береді. Сөйлеу тілінің сапасы студенттің тілінің түсініктілігіне, жатықтығына, үнінің әуезділігіне, яғни даусының жағымдылығына, сондай-ақ сөзінің мәнділігіне қарай тексеріледі*» [5]. Тіпті, кейбіреулерінде туа біткен шешендік қасиет отбасындағы тәрбиемен, мектептегі ұстаздар тәлімімен саналы түрде қалыптасқан тіл мәдениеті болуы әбден мүмкін. Ендеше бүгінгі студентті ертеңгі ұлттық журналистиканың кадр ретінде тәрбиелеп, өз ісіне баулу ісін аудиториядағы сабақ аясында қалай жүзеге асыруға болады? Нақты сұраққа нақты жауап беру үшін заманауи ақпараттық технологияны пайдаланып, шығармашылық әдіс-тәсілдерді іс жүзінде қолданудың қисындарын «Телевизиядағы инфографика, бейне және дыбыс» пәні бойынша қарастырдық. Ақпарат ғасыры ақпараттық технологияның мейлінше шапшаң дамыған пәрменділігімен, ұтқырлығымен ғана емес, сонымен қатар адамзатты тамсандыратын таңғажайып айрықша айшықтылығымен де ерекшеленеді. Бұл ретте, БАҚ жүйесіндегі дәйектілігімен дараланатын және эстетикалық әсерлілігімен аудиторияны өзіне тартып алатын құрал – телевизия. Телевизия – «теле» (tele) сөзі грек тілінен аударғанда «алыс», «қашық», ал «визия» (visio) сөзі «көру» [6] деген мағынаны береді. Экран сыртындағы күнделікті көзбен көріп, қолмен ұстап, өзіміз куә болып жүрген құбылыстар, яғни басқасын былай қойғанда, көшедегі еріксіз елең еткізетін жарнамалар, тіпті, көлік жүргізушілеріне қажетті ақпарат ұсынатын жол белгілері, қай жерде қандай мекеме (аурухана, дәріхана, т.с.с) мен мәдениет ошақтарындағы сахна төріне сән берген көлемді де көрікті суреттер, көзді жаулап, көңілді баурап алатын бейнематериалдан арнайы әзірленген сахналық бейнероликтер, көлемімен

де, келбетімен де өмірдегі қалыпты құбылыстан кем түспейтін адам немесе зат күйіндегі жарнамалар, т.с.с. – соның нақты мысалы. Ал телевизиядағы инфографика – телеақпаратты ұсыну тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттық бедер (яғни, ақпараттық жазба, сызба, сурет, т.с.с.) Сөзді суретпен алмастыратын кез келді. Көгілдір экраннан күнделікті көріп жүрген мысалдарға жүгінсек, бірінші кезекте ауа райы мәліметтері, экран шеңберінде өз нақышымен өрнектелетін әрбір телеарнаның өзінің нышаны (символы) – телевизиядағы инфографиканың нақты көріністері. Бейне – өмірлік процесстің экрандық нұсқасы, өмір суретінің айна қатесіз көшірмесі. Дыбыс – бейнелі ақпараттың үнін шығарып, қозалыстағы мылқау бейнеге тіл бітіретін қуатты да күдіретті тетік. Осынау үш құбылысты ұштастыру арқылы көрермен назарын баурап алу – кәсіби тележурналистің біліктілігі мен шеберлігіне байланысты мәселе.

Тележурналистиканың бейнелеуші құралдары: бейне, дыбыс, сөз, музыка, монтаж. Тележурналистиканың бейнелеуші құралдарын оқыту үшін, ең алдымен, олардың экран тілінің элементтері ретіндегі функцияларын түсіндірген абзал. Тележурналистиканың бейнелеуші құралдары – бейне, дыбыс, сөз, музыка экран тілінің негізгі элементтері болып есептеледі. Ал экран тілінің қосалқы элементтері тележурналистиканың табиғатына тән ерекшеліктерден келіп туындайды. Тележурналистикадағы бейнелі ақпарат камераға түсіру арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да кадр, план, ракурс, монтаж экран тілінің қосалқы элементтері ретінде рөл атқарады. Кадр уақыт мөлшерін есепке алуға мүмкіндік берсе, план экрандағы көрініс сипатын айқындайды, ракурс – бейнелік материалды әр қырынан түсіру тәсілі, монтаж – түсірілген бейнематериалдарды іріктеу әдісі болып табылады. Осының бәрі телевизияға тән құбылыс – бейненің, сол бейнеге қатысты қызметтік процестердің аясында орын алады. Ал инфографика, яғни ақпараттық бедер мен дыбыс сол бейнекөріністерді мейлінше әсерлі, әрі нақты, әрі дәл, қысқа да нұсқа жеткізуге мүмкіндік беретін косымша құралдар ретінде қызмет атқарады. Өйткені инфографика бейнематериалдағы ұзақ әңгімені бір ғана сызба немесе сурет нұсқасында ұсынылған факті ретінде жеткізуі мүмкін. Әсіресе статистикалық мәліметтерді ауызбен айтқаннан гөрі түрлі-

түсті диаграмма арқылы көрсету әлдеқайда ұтымды. Дыбыс – түптеп келгенде табиғи және табиғи емес шулардың бейнематериалды монтаждау кезінде қажетіне қарай қолданылатын телевизияның бейнелеуші құралы. Оған мысал ретінде телесюжеттегі дыбыс эффектілерін (интершум) еске түсірсек те жеткілікті. Сондықтан да телевизиядағы инфографика, бейне және дыбыс тележурналистиканың бейнелеуші құралдары ретінде қарастырылады.

Пән әрі қызықты, әрі түсінікті болумен қатар студенттің қолма-қол нәтижеге қол жеткізуіне жол ашу үшін «Телевизиядағы инфографика, бейне және дыбыс» пәніне қатысатын 13 студенттің әрқайсысына жеке-жеке, өз таңдауы бойынша қандай да бір салалық телеарна жобасын әзірлеу тапсырылды. 3-курс студенттері бірі – «Денсаулық», екіншісі – «Адал ас», үшіншісі «Табиғат», төртіншісі – «Руханият», бесіншісі – «Экономика», алтыншысы – «Сән», жетіншісі – «Әуен», сегізіншісі – «Кино әлемі», тоғзыншысы – «Футбол жаршысы», оныншысы – «Студент», он біріншісі – «Сатира», он екіншісі – «ТІЛ», он үшіншісі – «Ақпараттық технология» атты телеарналарды таңдап алды. Бірінші кезекте инфографиканың, яғни ақпараттық бедердің, суреттің, жазулардың көмегімен телеарна логотипін әзірледі. Бұл тапсырма бойынша студент біріншіден, инфографикамен жұмыс істеуді үйренсе, екіншіден, өз бастамасымен салалық телеарнасын ашуға алғашқы қадам жасап, оның айшықты таңбасын» (логотипін) ойлап тапты. Келесі кезекте арнаның телемұқабасын (шапкасын) әзірледі. Екінші тапсырманы орындау барысында тек қана инфографикамен емес, бейне, дыбыс үшеуін астастыра қолданып, сол арқылы санаулы секундтар ішінде өзі ашқалы отырған телеарнаны экрандаға жалт еткен көрініспен таныстыруды іске асырды. Әлбетте, студенттердің ақтарған жұмысының кәсіби сапасы төмен болуы мүмкін, есесіне өз ойымен, өз көзқарасымен, өз ақылымен, өз қолымен жасап шығу арқылы телемұқабаның (шапканың) не екенін, қалай жасалатынын түсініп, біліп алды. Келесі кезекте, телеарнаның ашылуын жарнамалаған бейнеролик әзірлеуге тапсырма берілді. Бейнеролик әзірлеу барысында студенттер сөз бен сазды, бейне мен дыбысты астастырып монтаж жасауды үйренумен қатар, өз салалық телеарнасын қалай жарнамалау қажеттігін аңғарды. Айналдырған 1,5-2 минуттың ішінде аз уақытқа көп мағына

сыйғызып, көрерменнің көзін жалықтырып алмай, құлағын жауыр етпей, қысқа-нұсқа мағлұмат берудің шығармашылық қисынына назар аударды. Өйткені бейнероликті өз бастарымен ойлап, өз қолдарымен жасап шықты. Сонымен қатар телеарналардың тақырыптық-күнтізбелік жоспары әзірленді. Соған сәйкес телеарна эфирінен берілетін телебағдарламалардың жобалары әзірленді. Соның негізінде телеарнаның шартты түрдегі штаттық кестесі жасалды. Телеарна жобалары өз қарамағына 1,2-курс студенттерін шартты түрде қызметке алды. Тележоба авторының жетекшілігімен телебағдарламалардың әрқайсысына телемұқаба, бейнеролик жасалып, сценарийлер жазылды. Келесі бір шынайы тапсырма сол телеарнаның аудиториясын алдын ала зерттеп, рейтингін анықтау болды. Бұл ретте, әрбір тележоба авторы интернеттегі «Агент» арқылы сауалнама жолдай отырып, өз телеарнасының аудиториясын алдын ала ұсынылған телеарна жобасына көзқарас-пікір ұсыныстарын анықтау арқылы зерттеу жүргізді. Сөйтіп, өз тележобаларының рейтингтік көрсеткішін белгіледі. Тележобаларға арнайы рецензенттер тағайындалды. Пән мұғалімі болғандықтан ғылыми жетекшілікті өзім жасадым. Кәдімгі ғалым-ұстаздардан ғылыми жетекшіден пікір алу арқылы жоба ғылыми сараптамадан өткізілді. Сөйтіп, семестрдің соңына қарай пән аясында атқарылған жұмыстың нәтижесі бойынша «Телеарна жобалары» байқауы ұйымдастырылды. Байқау интеллектуалдық тұрғыда және психологиялық жағынан студенттердің арасында үлкен резонанс туғызды. Байқаудың әділқазылар алқасының құрамына факультет

басшылығынан деканның тәбие және оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Құрманбаева, кафедра меңгерушісінің орынбасары Ж. Ноғайбаева, профессор К. Қамзин, доценттер: О. Ошанова, Ғ. Майкотова, К. Қабылғазиналар қатысып, «Ең үздік логотип», «Ең үздік телеарна», «Ең үздік бейнеролик», «Ең үздік презентация», «Ең ұтқыр идея», «Ең үздік бағдарлама», т.с.с номинациялар бойынша таңдаулы тележоба авторларын факультет деңгейіндегі дипломдармен марапаттады. Осылайша, «Телевизиядағы инфографика, бейне және дыбыс» пәні жай ғана бір семестр оқытылып қойған жоқ, сонымен қатар студенттер өз портфолиосына салатын жоба әзірлеп шықты. Жобаны әзірлеу барысында әрқайсысы өздерін телеарна басшысы ретінде сезініп, оған жауапкершілікпен қарап, шығармашылық тұрғыда кірісіп, нақты нәтижеге қол жеткізді. Сөйтіп, сурет тілінде сөйлейтін ақпараттық бедермен айшықталатын бейнелі журналистиканы пән ретінде меңгеру арқылы студенттердің шығармашылық қолтаңбасын танытатын келешекке бағытталған кәсіби жоба тұрғысында жүзеге асты. Меніңше, осындай шығармашылық қисында ұйымдастырылған сабақ студенттің кәсіби қабілетін арттырып, өзін шығармашылық тұлға ретінде дамытуына жол ашатын бірден-бір тәсіл. Сондықтан да келешекте студент шығармашылығына арналған байқаулар, конференциялар университет деңгейінде кең қанат жаюы керек. (Жалғыз ғана жыл сайын сәуір айында өтетін студенттер конференциясы шын мәнінде аздық етеді).

Әдебиеттер

- 1 Ли Н.Г. Основы учебного академического рисунка. – М.: «Эксмо», 2010. – С.3.
- 2 Омашев Н. «Ақпарат әлемі», 1-том. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – 41-б.
- 3 Қамзин К. 28 маусым – Қазақстандағы журналистер күні! – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
- 4 Ақылдың кені. – Алматы: Ана тілі, 2012. – 34-б.
- 5 Әбдіжәділқызы Ж. Тікелей эфир табиғаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 53 б.
- 6 Журналистика Казахстана. Энциклопедия. – Алматы: Экономика, 2006. – С. 402.

References

- 1 Li N.G. Osnovy uchebnogo akademicheskogo risunka. – M.: “Eksmo”, 2010. – S.3
- 2 Omashev N. “Akparat alemi”, 1-tom. – Almaty: Kazygurt, 2006. – 41-b.
- 3 Kamzin K. 28 mausym – Kazakstandagy zhyurnalister kuni! – Almaty: Kazak universiteti, 1999.
- 4 Akyldyn keni. – Almaty: Ana tili, 2012. – 34 b.
- 5 Abdizhalilkyzy Zh. Tikelei efir tabigaty. – Almaty: Kazak universiteti, 2003. – 53-b.
- 6 Zhurnalistika Kazakhstan. Entsiklopedia. – Almaty: Ekonomika, 2006. – S.402.